		456		Отдел внутренней политики района (города областного значения)	11 357,5
			001	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в области информации, укрепления государственности и формирования социального оптимизма граждан	6 801,5
			003	Реализация мероприятий в сфере молодежной политики	4 556,0
10				Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения	89 033,2
	1			Сельское хозяйство	32 343,2
		453		Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	11 841,0
			099	Реализация мер по оказанию социальной поддержки специалистов	11 841,0

		473	Отдел ветеринарии района (города областного значения)	20 502,2
		001	Услуги по реализации государственной политики на местном уровне в сфере ветеринарии	12 477,2
		003	Капитальные расходы государственного органа	65,0
		006	Организация санитарного убоя больных животных	2 500,0
		007	Организация отлова и уничтожения бродячих собак и кошек	1 000,0
		047	Возмещение владельцам стоимости обезвреженных (обеззараженных) и переработанных без изъятия животных, продукции и сырья животного происхождения, представляющих опасность для здоровья животных и человека	4 460,0
	6		Земельные отношения	10 284,0
		463	Отдел земельных отношений района (города областного значения)	10 284,0
		001	Услуги по реализации государственной политики в области регулирования земельных отношений на территории района (города областного значения)	10 284,0
	9		Прочие услуги в области сельского, водного, лесного, рыбного хозяйства, охраны окружающей среды и земельных отношений	46 406,0
		473	Отдел ветеринарии района (города областного значения)	46 406,0
		011	Проведение противозoonотических мероприятий	46 406,0
11			Промышленность, архитектурная, градостроительная и строительная деятельность	9 391,0
	2		Архитектурная, градостроительная и строительная деятельность	9 391,0
		472	Отдел строительства, архитектуры и градостроительства района (города областного значения)	9 391,0
		001	Услуги по реализации государственной политики в области строительства, архитектуры и градостроительства на местном уровне	9 391,0
12			Транспорт и коммуникации	32 600,0
	1		Автомобильный транспорт	32 600,0
		458	Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог района (города областного значения)	32 600,0
		023	Обеспечение функционирования автомобильных дорог	32 600,0
13			Прочие	1 931,0
	9		Прочие	1 931,0
		452	Отдел финансов района (города областного значения)	1 931,0
		012	Резерв местного исполнительного органа района (города областного значения)	1 931,0
14			Обслуживание долга	9,2
	1		Обслуживание долга	9,2
		452	Отдел финансов района (города областного значения)	9,2
		013	Обслуживание долга местных исполнительных органов по выплате вознаграждений и иных платежей по займам из областного бюджета	9,2
15			Трансферты	13 426,1
	1		Трансферты	13 426,1
		452	Отдел финансов района (города областного значения)	13 426,1
		006	Возврат неиспользованных (недоиспользованных) целевых трансфертов	157,1
		051	Трансферты органам местного самоуправления	13 269,0
			III. Чистое бюджетное кредитование	1 618,0
10			Сельское, водное, лесное, рыбное хозяйство, особо охраняемые природные территории, охрана окружающей среды и животного мира, земельные отношения	9545,0

ТҮСІНДІРМЕ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотының ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен бастап барлық мамандындрылған әкімшілік істер қарайтын соттарға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша» судьяның электрондық қол таңбасымен куәландырылған қаулы көшірмесін жол оқиғасы бойынша сақтандыру төлемдері төлеу мақсатында сақтандыру компаниялардың атына қаулыны электрондық құжат нысанында жолдау туралы шешім жобасы түсірілді.

Бұл өзгеріс азаматтардың сотқа сот қаулысына оның заңды күшіне енген туралы белгі соқтыру үшін қайта жүгіну қажеттілігінен босатады. Яғни, 01.08.2016 жылдан бастап жол көлік оқиғасы бойынша әкімшілік істерге сәйкес, сот қаулысының көшірмелері электрондық құжат нысанасында тиісті сақтандыру компаниялар атына, азаматтарға сақтандыру төлемдерін төлеу мақсатында жолданып отырады.

Аманкелді аудандық соты.

	1		Сельское хозяйство	9545,0
		453	Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения)	9545,0
		006	Бюджетные кредиты для реализации мер социальной поддержки специалистов	9545,0
Категория				
Класс				
Подкласс				
Специфика				
			Наименование	Сумма, тысяч тенге
5			Погашение бюджетных кредитов	7927,0
	01		Погашение бюджетных кредитов	7927,0
		1	Погашение бюджетных кредитов, выданных из государственного бюджета	7927,0
		13	Погашение бюджетных кредитов, выданных из местного бюджета физическим лицам	7927,0
			IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0,0
			V. Дефицит (профицит) бюджета	-26442,1
			VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	26442,1

Приложение 2 к решению маслихата от 11 августа 2016 года №61

Приложение 5 к решению маслихата от 23 декабря 2015 года №363

Перечень бюджетных программ поселков, сел, сельских округов Амангельдинского района на 2016 год

Функциональная группа				
Функциональная подгруппа				
Администратор бюджетных программ				
Бюджетная программа				
			Наименование	Сумма, тысяч тенге
01			Государственные услуги общего характера	111 806,9
	1		Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления	111 806,9
		123	Аппарат акима Амантогайского сельского округа Амангельдинского района	10 796,3
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	10 796,3
		123	Аппарат акима Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района	20 302,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	20 302,0
		123	Аппарат акима села Аксай Амангельдинского района	8 501,5
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	8 501,5
		123	Аппарат акима села Тасты Амангельдинского района	8 449,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	8 449,0
		123	Аппарат акима Кабыргинского сельского округа Амангельдинского района	8 205,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	8 205,0
		123	Аппарат акима Уштогайского сельского округа Амангельдинского района	8 809,5
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	8 809,5
		123	Аппарат акима Кумкешуского сельского округа Амангельдинского района	8 904,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	8 904,0

Бастауыш ардагерлер ұйымында

ТӨРАҒА БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Таяуда аудандық ішкі істер бөлімі бастауыш ардагерлер ұйымының жалпы жиналысы өтіп, онда ұйымдастыру мәселесі қаралды. Жалпы жиналыс бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы болып келген С.Құлмановты арызы бойынша қызметінен босатып, оның орнына қазірге дейін көп жылдардан бері оның орынбасары болып тиянақты қызмет жасап келген Жамалижан Өтегенұлы Шошақовты ұйым төрағасы етіп бірауыздан сайлады.

Жамалижан Шошақов - ұйымдастыру қабілеті мол, тәжірибелі ардагер. Ұйым жұмысының алға басуына көп үлес қосуда.

Жамалижан Өтегенұлы жиналыста әріптестеріне өзіне көрсеткен зор сенімдері үшін алғыс айтып, алдағы уақытта бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысын одан әрі жақсарту беретінін мәлімдеді.

		123	Аппарат акима Байгабылского сельского округа Амангельдинского района	9 084,3
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	9 084,3
		123	Аппарат акима Карасуского сельского округа Амангельдинского района	10 220,3
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	10 220,3
		123	Аппарат акима Карынсалдинского сельского округа Амангельдинского района	7 458,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	7 458,0
		123	Аппарат акима Урпекского сельского округа Амангельдинского района	11 077,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа	11 077,0
07			Жилищно-коммунальное хозяйство	8 277,0
	1		Жилищное хозяйство	2 506,0
		123	Аппарат акима Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района	1 695,0
		027	Ремонт и благоустройство объектов в рамках развития городов и сельских населенных пунктов по Дорожной карте занятости 2020	1 695,0
		123	Аппарат акима Урпекского сельского округа Амангельдинского района	811,0
		027	Ремонт и благоустройство объектов в рамках развития городов и сельских населенных пунктов по Дорожной карте занятости 2020	811,0
	3		Благоустройство населенных пунктов	5 771,0
		123	Аппарат акима Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района	4 001,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	4 001,0
		123	Аппарат акима Урпекского сельского округа Амангельдинского района	210,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	210,0
		123	Аппарат акима Байгабылского сельского округа Амангельдинского района	160,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	160,0
		123	Аппарат акима Амантогайского сельского округа Амангельдинского района	290,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	290,0
		123	Аппарат акима Карасуского сельского округа Амангельдинского района	200,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	200,0
		123	Аппарат акима Кумкешуского сельского округа Амангельдинского района	150,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	150,0
		123	Аппарат акима Аксай Амангельдинского района	150,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	150,0
		123	Аппарат акима Уштогайского сельского округа Амангельдинского района	240,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	240,0
		123	Аппарат акима села Тасты Амангельдинского района	240,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	240,0
		123	Аппарат акима Кабыргинского сельского округа Амангельдинского района	70,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	70,0
		123	Аппарат акима Карынсалдинского сельского округа Амангельдинского района	60,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	60,0

Аудандық ІІБ-і бастауыш ардагерлер ұйымы атынан осы ІІБ басшысының орынбасары, полиция капитаны Саян Серікұлы Бірсейітовке аяулы анасы

Тамаша Қозғанқызы АЛПЫСБАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамалижан Шошақов,
ІІБ-і бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы.

Аудандық ІІБ және осы бөлім жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымы аталмыш ұйымның мүшесі, полиция ардагері Еркін Қабжәлелұлы Досбергеновке ағасы, ардагер балуан

Шөптібай Қабжәлелұлы ДОСБЕРГЕНОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Менің «Ұлымын Аманкелді сарбазының» деген «Сырыарқа сазы» атты қос томдығыма енген өлеңім бар. Сарбаз ұлы екенімді ауыз толтырып айтып, мақтан етіп жүремін. Кім білсін, қазір сарбаз ұлдары аз-ақ қалған шығармыз.

Әбдірахман – сарбаз әкем сом белекті, Сардарға еріп соғыста ерлік етті. Көтерілсе қатысқан бастан-аяқ, Кісі еді батыл, қайсар, ер жүректі.

Самалына шомылып жел-жібектің, Намыстың мен де туын жібіреттім. Өзімнің төртінші атам Бектұр қажы, Жалғыз ұл немересімін Сомжүректің!

Жетінші атам – әулие Назар абыз, Ол жайлы талай жақсы тарады аңыз... - деп әрі қарай жалғасады. Осы жыр жолдарынан әкеміздің тегі қандай екені көрініп тұр. Ауылдастары «қажы мен абыз әулиенің ұрпағы» деп құрметтеп, батасын алуға тырысатын. Назар абыз ағамыздың кесенесі Торғайдың Қызбел ауылының қасында, басына қысы-жазы адамдар түнейді. Жақында барып, ас беріп қайттық. Ал өзім абыз әулие бабамыздың атын жебеп-желеп қолдап жүрсін деп өз атыма қосып алдым.

Әкем Әбдірахман 1916 жылы Торғай өңірі қазақтарының патша үкіметіне қарсы көтеріліс басталғанда 22 жаста, үйленбеген кезі екен. Тетелес інісі Әлдіарға: «Болашақ шаңырақ иесің, әке-шешемізге қамқор болып, үйде сен қал» деп, өзі сұранып сарбаздар сапына қосылған.

- Сол кездегі тәртіп бойынша, - деп еске алған әкем, - әр ру өздеріндегі шаңырақ саны мен олардағы ерлер санына қарай сарбаз беретін. Біздің рудан жиырмадан астам сарбаз жиналды. Басшымыз Аманжол есімді жігіт ағасы болды. Бар қаруымыз шолақ найза. Қылыш бір-сараңымызда ғана. Мылтық Аманкелді мен Кейкі батырды және қырық мергенде ғана бар. Басты күшіміз солар, ұрыста салмақ та соларға түседі. Біздікі қол көбейтпін, қаптай шауып, ұран салып дұшпанға сөз көрсетіп, үрей туғызу. Шіркін, қоян-қолтық шайқасқа келсе, көрер едік дейміз. Бірақ, бізге ондай қолайлы сәт туа қоймады. Торғай қаласын қоршауға алғанмен ұстап тұра алмадық. Ат үстінде шауып жүріп, үйлерге от қойып, қаланы өртке орадық. Ішкі жақтан оларға қосымша күш келіп, бізге кері шегінуге тура келді.

Сардар мен әскер басылар шегіне жүріп, тосқауыл қойып, ұрымтал тұстарда ұрыс салғызады. Жазалаушы патша әскерінің жолында қалатын Торғай бойындағы ауылдарды кейін қарай қауіпсіз жерлерге үлере көшіріп жатты. Қыс түсті. Қыс болғанда да сол жылы қатал қыс болып, ат тізесінен асатын қалың қар жауды. Мұздай қаруланған жау солдаттары бізді өкшелей шегіндіріп келеді. Екі жақ та бір-бірінің шамасын байқау үшін барлаушылар жібереді. Бірде барлауға бару кезегі маған келді, үш адамбыз. Аманкелді мен Кейкі батыр бастаған мергендер өзен саласының сағасында тасанда тосқауылда тұрған. Ал сарбаздар тоғай арасына жасырынған. Біздің міндетіміз алға озып барып, жау әскерінің қай жерде келе жатқанын біліп келу болатын. Сол барлау нәтижелеріне қарай тиісті шешім шығарылады. Жау қарасы көрінгенге дейін алға бара береміз. Ел көшіп иесіз қалған қыстау үйлерінің төбесіне шығып, түтін мұржаларының тасасына тығылып тұрып қарауыл қараймыз. Дұшпан барлаушыларының артықшылығы оларда дүрбі бар, ал бізде жоқ. Соның арқасында бізді алыстан көріп, өзеннің ой жағындағы талдардың тасасымен байқатпай таяп қалыпты. Кеш болса да біз де көріп қалып, үй төбесінен секіріп түсіп атқа қондық. Қашып келеміз, атысатын біз байғұстарда мылтық жоқ. Қар қалың, ат көсіліп шаба алмайды. Мен алдыңғы екеуден қалыңқырап қалдым. Артыма қарасам олар да үшеу екен, алдыңғысы винтовкасын кезепті мені көздеп атта қатасы. Оқ екі жағымнан да дыз етіп қарға сүңгіп жатыр. Әуелі

САРБАЗ ӘКЕМ ШЕРТКЕН СЫР

Жұма-Назар СОМЖҮРЕК,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын,
әдебиет сыншысы

бір Аллаға жалбарынып, екінші әулие Назар абыз ағамның аруағына сыйынып атқа қамшы басып келемін.

Кейде оқ өзіме де тиген сияқты болады, әйтеуір аманмын. Тосқауыл тұрған сайға да таяп қалдым. Аманкелді ат үстінде тықыршып тұр екен. Қолында бесатары. Мені өкшелеп келе жатқан жау солдатын атайын десе, оқ маған тиеді. Маған қолын сермен: «аттан секір!» деп, айқай салды. Мен аттан секіріп түсіп, сайға домалап кеттім. Сол кезде Кейкі екеуі қосарлана атып, үшеуін де аттарынан мұрттай ұшырды. Аттары үркіп, қырға қарай ойнақшып шыға берді. Мергендер үшін винтовка оғы алтыннан қымбат. Ал әлгі жау аттарының қанжығасындағы оқшантайлар оқтарға толы. Аманкелді сол оқшантайларды алуға және аттарды қайырып әкелуге «кәне, қайсың барасыңдар» деді. Ет қызуымен алабұрттып тұрғанмын: «өз атым болдырып қалды, мінуге мықты ат берсеңіздер мен барайын» дедім. Тағы екі жігіт қосылды, үшеуіміз тапсырманы жақсы орындап келдік. Батыр «жарайсыңдар» деп арқамыздан қакты.

Енді сол күнгі оқиғаның соңын айтайын. Сөйткенше кеш болып, қонар орынға келіп, сыртқы киімдерімді шеше бастадым. Мойнымда шешем Ажарсұлу тоқып берген қалың түбіт шалмақ болатын. Соны мойнымнан алып сілкіп қалғанымда, екі-үш бытыра жерге домалап түсті. Жанымдағы туыс жігіттердің бірі «ой, мынау бесатар оғы ғой, ажалың жоқ екен» десе, екіншісі «әулие Назар абыз ағамыздың аруағы оқты денеңе дарытпаған» десіп жатты. Шынында да солай. Абыз ағамның аруағы кейін де талай жерде ажалдан аман сақтаған мені, - деп сол кейінгі оқиаларды айта бастады. Мен:

- Әке, көтерілісшілердің жазалаушы патша жасақтарымен кейінгі шайқастары қалай болды? - деп әңгімені бұрынғы арнасына бұрдым.

- Ой, балам-ай, отқарудың жоқтығынан бармақ тістеген кездеріміз көп болды ғой. Әйтпесе, қырық-елу мың сарбаздан сарбаздар бірнеше мың солдаттан жасқанып кері шегіне берер ме едік. Сонау Торғайдан шегіне-шегіне, былайша айтқанда, қаша ұрыс сала отырып, сол кездегі Батпаққара, қазіргі Аманкелді ауданы орталығынан да бері өтіп, Ағаштыкөл аталатын қыстауларға жеттік. Ақырғы деуге болатын шайқастар осы жерде өтті. Қырық мергеніміз осы мандағы қыстаулардың бірінде қоршауда қалып, соңғы демі біткенше, соңғы оғы таусылғанша шайқасып, жауды ауыр шығынға ұшыратып барып, бірі қалмай қаза тапты. Көрген көздер келесі күні жау оншақты шаңаға тиелген өліктерін алып қайтқанын айтқан. Санап тұрған ешкім жоқ, әрқайсысы жастығын ала жығылғаны анық.

Өзім көзіммен көрген көтерілісшілер жағынан аса ауыр шығын Тінәлінің көңі (қыстау үйі) деген жерде болды. Сарбаздар тоғай ішінде, мұз үстінде тұрғанбыз. Бұл кезде жау жағы да байқатпай келіп тұтқиылдан шабуыл жасау тәсілін қолданатын боп алған. Осы жолы тап солай болды. Қалтарыстан тап беріп, отқаруларынан оқты қарша боратты. Мұз үстінде оқа ұшқан адамдар жағарп жатты. Жаппай қаша бастадық. Сол жолы жетпістен астам сарбаздар шаһит болды. Қауіп күшті. Көтерілісшіл Торғай елінің тағдыры одан әрі не болары белгісіз еді. Одан бізді Құдай құтқарғандай болды. Ресейдің өзінде төңкеріс болып, Николай патша тақтан құлаған. Сол хабар жетісмен бір-ақ күнде жазалаушы әскер жасақтары кері қайтып, жерімізден

тайып тұрды. Қуанышымызда шек жоқ. Қырға, құмға, алыстағы сай-салаларға үлере көшіп жасырынған жұрт өз мекені қыстауларына қайтып, бейбіт тірліктеріне кірісті.

Бірақ, нағыз бейбіт өмірдің ауылы алыс болатын. Ақ әскердің орына қызыл әскер келді. Жеңіліп оңтүстікке қарай қашқан акттардан көрген қорлық та аз емес. Оның қайсын айта берейік. Бір күні Торғайда қызыл комиссар болып тұрған Аманкелдінің бүлікшілер қолынан қаза тапқаны туралы жеткен қаралы хабар елді есенгіретіп тастады. Бұл кезде Аманкелдінің атағы жер жарып аспандап тұрған. Нағыз ертегінің батырларындай мергендігі, қолбасшылығы, ерліктері аңызға айналып, аты ел аузынан түспейтін. Сөйткен батырынан айрылу халық қабырғасына қатты батты. Әсіресе, Аманкелдінің қарулас досы, үзенгілес серігі Кейкі батырдың қайғысында шек болмаған шығар, қатты ашынып, Аманкелдінің кегін алмақ болып қайта атқа қонды. Ол қызылдардың да елді оңдырмайтынын болжап білген сияқты, «қызыл орыс та, сары орыс та - бәрі бір орыс» деп, сонына ерген сарбаздарын бастап партизандық соғыс бастады. Сөйтіп ол жаңа үкіметтің жауына айналды. Оның соңына шырақ алып түсті. Бірақ Кейкі бірнеше жыл бойы ұстатпады. Соңына түскен қызыл әскер солдаттарын талай рет атып тастап, қапыда қалдырып, қуғыннан құтылып кетіп отырды.

Бірде оны «сені кешіреміз, комиссар етеміз» деп алдап қолға түсіріп, Торғай қаласына апара жатады. Олардың зымыян ойын сезіп қалған батыр түнде өтірік ұйықтаған боп жатып, бәрі қорыла басып кезде атып тұрып бәрін атып тастап қашып кетеді. Сол кеткеннен мол кеткен. Халық сүйікті батырын қай жерлерде жүргенін білсе де милицияға айтпай жасырды. Кейкі жүрген жерлерінде өлеңмен салауат айтып жүрген. Ел есінде қалған кейбір шумақтары мынадай:

Атқа да салдым терлікті,
Жауға да қылдым ерлікті.
Мен кеткен соң халқым-ай,
Көрсерсің жаудан кемдікті.

Лә иллаһа иллолла,
Лә иллаһа иллолла.

Атқа да салдым ерімді,
Бермедім жауға елімді.
Өз елімнен жау шығып,
Сындырдың Алла белімді.

Лә иллаһа иллолла,
Лә иллаһа иллолла.

Атқа да салдым пыстанды,
Көтердің Алла дұшпанды.
Естіген жұрттым дұға қыл,
Кейкі де батыр ұсталды.

Лә иллаһа иллолла,
Лә иллаһа иллолла.

Соңғы шумақ ұсталып барып, қашып шыққаннан кейін қосқаны болу керек.

Бұл салауат өлеңінің мұңды-зарлы әні бар. Шешен біледі, айтқызып тында. «Аңдыған жау алмай қоймайды» деген ғой, ақыры ізінен қалмай аңдып, қуып жүріп түбіне жетті ғой. Кейкінің өліміне де ел еңіреді. Оғы таусылған батырды кескілеп өлтіріп, басын алып кетіпті деп естігенбіз. Ел не көрмеді дейсің. Елмен бірге өкеннің де көрмегені жоқ. Аштық жылдары жаппан далада жалғыз келе жатқанымда, қарсы алдымнан бірнеше аш адамдар шыға келіп жеп қоя жаздағаны бар. Шолақ найза жасап алғанмын, соны сермелеп жүріп әзер құтылдым. Байғұстың бірінің бетіне найзам қатты тиіп жараланып қалды. Ал соғыс жылдары Сібірде еңбек армиясында болып, ағаш дайындадық. Өзің көргендей содан бері қолхоз жұмысындамыз, - деп әкем әңгімесін аяқтады.

Әкем 1894 жылы туған. Сол жылы атасы

Бектұр қажы Меккеге қажылыққа аттанып бара жатып, баласы Сомжүрекке «келінің аяғы ауыр ғой, ұл туса атын Әбдірахман қойыңдар, қыз туса өздерің біліңдер» деп, тапсырып кеткен. Әкем Әбдірахман өз әңгімесінен көрініп тұрғанындай, Аманкелді сарбазы атына сай батыл да қайратты, әділетсіздікке төзбейтін турашыл да намысшыл адам болды. Қажы атасы мен әулие Назар абыз бабасының имандылық жолынан таймай адал да абыройлы өмір сүріп, 1974 жылы өмірден өтті.

Абыз баба мен сарбаз әкенің өмір жолдары менің де өмірлік ұстанымымды тағалап-шегелеп кеткендей. «Ұлымын Аманкелді сарбазының» мақтан үшін жай айтыла салған сөз емес. Сарбаз ұлы қалай өмір сүру керек болса, солай өмір сүріп келемін. Әкемнің жорық қаруы найза болса, менің қаруым қалам-найза болды. Оны қолыма алғаш алғаннан бері:

«...Шыңдық үшін шырылдап отқа түсер,

Әділдік сарбаздары сапындамын!»

- десем, сол саптан 55 жыл бойы табанымды тайдырмай келемін. Менің өмірім де сарбаз әкемнің өміріндей ауыр да бейнетті болды. «Жабылып бар басшысы ауданымын, Ақыры Алматыға ауған ұлымын» деген қос жолдан жас журналистің не үшін қуғын көргені айқын көрінеді. 1970 жылы Алматыға көшіп барған соң әдебиет сыншылығын қолға алып, ақындар мен жазушылардың шығармаларындағы кемшіліктерді өткір сынаған мақалаларым газеттер мен журналдарда жиі жарияланып жатты. Өзгесін айтпағанда, Шерхан Мұртазаның «Қара маржан», Мұхтар Мағауиннің «Көкмұнар» атты романдарын сын садағына ілгенмін. Бірақ солардың бір де бірі шығармашылығым кедергі келтірген емес. Неге десеңіз, онда сонау Мәскеудегі Компартияның Орталық Комитетінен әдебиет сыны мен сыншыларға мықты қолдау болды. Әдебиет сынын өрістету жөнінде арнайы қаулы да шығарылған. Сынның әділ болса, баспаймыз дейтін басылым болмайтын.

Ал қазір ше? Қазір сыңға сұраныс жоқ, сыншыға Жазушылар Одағынан да, одан жоғарыдағы тиісті министрліктерден де қамқорлық жоқ. Сыншылар жетім қалдық. Жетімсіреп жүргендердің бірі менмін. Сын мақалаларымды «Қазақ әдебиеті» газеті де, «Жұлдыз» журналы да баспайды. Неге? Алдыңғы бір жылы Жазушылар Одағы ұйымдастырған бір емес бірнеше Мұшайрада бас бәйгеге Джип мінген және бірінші орынға бағаланып, миллион теңге берілген ақындардың өлеңдері сол марапатқа тиіпті де лайық емес екенін, қысқасы өздері бөлісіп алғанын дәлелдеп жазған «Ашынғаннан шығады ащы даусым» деген өткір сын мақалам «Үш қоныр» газетінде жарияланған. Содан бері Жазушылар Одағы басқармасының қырына ұшырап жүрген жайым бар.

Иә, әділдік сарбазы болу қиын міндет. Жалғыз сында ғана емес, қазіргі ауылдарды қауымдық шаруашылықтар құру арқылы қалпына келтіру жөнінде бірнеше рет бастамалар көтеріп, күресіп жүргеніме де көп болды. Кешегі Жер комиссиясы жұмыс істеген айларда оған мүше болмасам да бір мүшедей-ақ белсенділік көрсеттім. «Жер мен ауылды қауымдық шаруашылықтар құтқарады» деген ұсыныс мақалам бірнеше газеттер мен сайттарда, интернеттегі Фейсбукте жарияланып, талқыланды. Бірақ ауыл шаруашылығы министрлігі мән бермей шаршатып тұр. Алайда таразы басында ел мен жер тағдыры тұрғанда шегінуге жол жоқ.

Міне, Аманкелді сарбазы мен сарбаз ұлының тағдыры осындай. Сыр соның:

Нық қадап намыс туын, ар қазығын,

Қоғамның жазып келем бар жазығын.

Сарбаз әкем орнына қойып кеткен,

Мен соңғы Аманкелді сарбазымын!

- деген жыр шумағымен түйіндеймін. Аман жүрген Аманкелді сарбаздарының ұлдары болса, сарбаз әкелерінің атына сай бола біліңдер деймін.

Тағзым

АТА-АНАСЫН АРДАҚТАДЫ



Ал 90 келіден жоғары салмақта 20 балуан бақ сынасты. Нәтижесінде, Қарағандыдан келген Ержан Шыныкеев ауыр салмақтылар арасында Түйе балуан атанды. Оған «Приора» автокөлігі табысталды.

Мұнан соң түстен кейін «Тойтөбе» атшабарында 24 шақырымдық аламан бәйге өтті. Оған жер-жерден келген 42 сәйгүлік қатысты. Нәтижесінде, бірінші орында торғайлық Балғабай деген азаматтың тұлпары иеленсе, екінші орында аманкелділік Бердібек Атамбозовтың жүйрігі еншіледі. 1-ші орынды алған тұлпардың иесіне «Поло» автокөлігі тапсырылды.

Осылайша, аманкелділіктер Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығы алдында бір күн бойы балуандар күресі мен ат бәйгесін тамашалап, бір серпіліп қалды.

Тойды өткізген Қабі Жармағанбетов пен Мәруза Құлаханметқызының ұл-қыздары. Олар ауданда бұрын-соңды болмаған үлкен бір игілікті іс жасады.



Іс-шараға аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов бастаған аудан халқы мен Алматы, Астана, Қостанай, Торғай, Аманкелді өңірінен келген жұртшылық өкілдері қатысып, ұлағатты ұстаз Қабі Жармағанбетов пен сауда саласының білікті маманы болған марқұм Мәруза Құлаханметқызының адамгершілік, азаматтық үлгі-өнегелері мен ғибратты істері туралы тағлымды әңгімелерді ортаға салды.

- Біз бұл тойды – асып-тасығаннан емес, өзімізге өмір сыйлаған әкеміз бен анамыздың ғибратты істерін ұрпаққа үлгі ету үшін жасадық. Әкеміз бізді өмірге әкелгенімен, дүниеден ерте кетті. Бізді анамыз тәрбиелеп, өсірді. Ол кісінің туғанына биыл 80 жыл толып отыр. 11 баланы дүниеге әкелген аяулы анамыз әкеміздің аманатын орындап, біздің бәрімізге жоғары білім алып берді. Бізді жеткізім деп жүріп науқасқа шалдығып қалды. Кейін дүниеден өтті. Сондықтан да, біз ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығының алдында, басымыз аман, бауырымыз бүтін –

төрт көзіміз түгел кезде ата-анамыздың рухтарына тағзым етуді өзімізге парыз санадық. Әкеміз де елге сыйлы, өте құрметті кісі болған. Олардың еңбегін елеп, осындай іс-шаралар өткіздік, асын бердік. Жерлестерімізден ата-анамыз туралы көптеген жақсы сөздер естіп, бір жасап қалдық! – дейді Қабі аға мен Мәруза апайдың ортаншы ұлы, медицина ғылымының докторы Ғабит Қабіұлы Жармағанбетов.

Десе дегендей, ағайынды Жармағанбетовтер кеш өткізіп, балуандар күресі мен ат бәйгесін жасап қана қойған жоқ, Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітіне күрделі жөндеу жүргізу үшін 2 миллион теңгені аталмыш діни орының имамы Жандарбек Әмірхамзинге табыс етті.

Олардың бұл ісіне аманкелділіктер риза болды. Қабі ақсақалдың балаларының нағашысы, Мәруза апайдың інісі Ғазез Біркенұлы ақсақал Жармағанбетовтер әулетінің ізгі ісіне ризалығын білдіріп, ақ батасын берді.

Өз тілшіміз

Суреттерде: түйе балуандарға сыйлық тапсырудан көріністер.

ЖОБА

ПРОЕКТ

2016 жылға субсидиялар алуға өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Об определении сроков предоставления заявок на получение субсидий по приоритетным сельскохозяйственным культурам на 2016 год

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы №4-3/177 бұйрығымен бекітілген, Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11094 болып тіркелген) сәйкес, Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2016 жылға 5 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін субсидиялар алуға өтінімді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің экономика мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 10 маусымнан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Н.ӨТЕГЕНОВ

Әкімдіктің 2016 жылғы « » қыркүйектегі № қаулысына қосымша

2016 жылға ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша субсидия алуға өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімді ұсыну мерзімі
1	Жаздық бидай Күздік бидай	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
2	Арпа Сұлы Тары Қарақұмық	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
3	Жаздық қатты бидай	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
4	Бұршақ Нұт Жасымық	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
5	Күнбағыс	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
6	Рапс	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
7	Зығыр	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
8	Максары	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
9	Қыша	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
10	Картоп	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
11	Бакша дақылдары	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
12	Көкөністер	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
13	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
14	Сүрлемдік жүгері	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
15	Жем шөптік дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көп жылдық шөптер.	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін
16	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жанарту және (немесе түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	2016 жылғы 05 қыркүйектен 12 қыркүйекке дейін

СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІНЕ МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА АШЫЛДЫ

«Қазпочта» АҚ Қостанай қаласында Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденінің екі мәрте иегері, «Қазақстан Республикасының Құрметті байланысшысы» Бизада Жиенғазинаға арналып мемориалдық тақта орнатылғанын хабарлайды.

Салтанатты рәсім «Қазпочта» АҚ Қостанай облыстық филиалында Қостанай облысының 80 жылдығына және ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ашылды. Оған облыстық әкімдіктің қызметкерлері және Б.Ө.Жиенғазинаның балалары мен туыстары, «Қазпочта» Қостанай филиалының қызметкерлері мен қала тұрғындары қатысты.

Рәсімде Еңбек Ерінің ұлы Дулат Жиенғазин: «Бұрынғы байланысшының балалары мен немерелерінің және көптеген туыстарының атынан анамыз Бизада Өтекейқызын

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы ғимаратында 7 қыркүйек 2016 жылы «8 қыркүйек – Отбасы күніне» орай жанұяларға заңгер мен психолог тегін көмек көрсетеді. Кеңес беру сағат 10-12 арасында мәжіліс залында өткізіледі. Байланыс телефондары: 21 5 28

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

27.06.1984 жылы туған Есекин Сейтбек Сейдалиевичтің жеке куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Аким района

Н.УТЕГЕНОВ

Приложение к постановлению акимата № от « » сентября 2016 года

Сроки предоставления заявок на получение субсидий по каждому виду субсидируемых приоритетных сельскохозяйственных культур на 2016 год

№	Наименование приоритетных сельскохозяйственных культур	Сроки предоставления заявок
1	Яровая пшеница Озимая пшеница	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
2	Ячмень Овес Просо Гречиха	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
3	Яровая твердая пшеница	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
4	Горох Нут Чечевица	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
5	Подсолнечник	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
6	Рапс	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
7	Лен	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
8	Сафлор	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
9	Горчица	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
10	Картофель	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
11	Бахчевые культуры	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
12	Овощи	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
13	Кукуруза и подсолнечник на силос	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
14	Кукуруза на силос	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
15	Кормовые культуры, в том числе многолетние бобовые травы первого, второго и третьего годов жизни	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года
16	Многолетние травы первого, второго и третьего годов жизни, посевные для залугования (или коренного улучшения) сенокосных угодий и (или) пастбищных угодий	с 05 сентября по 12 сентября 2016 года

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша Аманкелді ауданында жоспарлы түрде бағдарламаның үш бағыты бойынша жұмыстар жүруде.

Аталған бағдарламаның 3 – бағыты бағдарламаға қатысушыларды оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуді қарастырады.

3 - бағыт бойынша биылғы жылы ауданымызға әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін 4127,0 мың теңге бөлініп, 17 адам жұмысқа тартылды. Есепті мерзімге 2649,0 мың теңге игерілді.

«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ - 2020 ЖОЛ КАРТАСЫ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ Орындалуы туралы

Жастар тәжірибесіне 2291,0 мың теңге бөлініп, 10 жас маман мамыр айынан бастап жастар тәжірибесіне жіберілді. Бүгінгі күнге текті бөлінген қаржының 1528,0 мың теңгесі игерілді. Жастар тәжірибесінен өткен жас мамандар тұрақты жұмысқа тұрғызылады.

3 айлық қайта даярлау курсынан өту үшін 1271,0 мың теңге қаражат бөлініп, 7 адам: аспазшы, шаштараз, авто-электрик, слесарь-электрик мамандықтары бойынша оқып келді. Оқуын аяқтап келген бағдарламаға қатысушылардың 6 – ы жұмысқа тұрғызылды.

Қыркүйек айынан бастап 10 айлық кәсіптік оқыту курстарында оқыту үшін 1458,0 мың теңге қаржы бөлінген, бұл курс негізінен кәсіптік мамандықтарға оқытуды көздейді. Оқуға жалпы орта білімі бар 6 азаматқа жолдама беріледі.

Бағдарламаның екінші бағыты мемлекеттік қолдаудың негізгі құралы шағын несиелендіру болып табылып, ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға көмек көрсету бойынша іс-шараларды қарастырады.

Бағдарламаның осы бағытына қатысуды қалайтындарға тегін кеңестік көмек, бизнес-жоспарды құрастыруда көмек көрсетіліп, кәсіпкерлік негіздерін тегін оқыту курстары жүргізіледі. Олдан басқа, өз ісін ұйымдастыру үшін кәсіпкерге жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізу қажеттілігі болса, яғни: жол салу, жылу және сумен қамтамасыз ету, канализациялық, телефон, электр желілерін жеткізу – бағдарлама бойынша барлық осы шығындарды мемлекет өзіне алады. Бағдарламаның екінші бағыты – шағын несиенің арқасында өңірімізде өз кәсібін кеңейтіп жатқандардың саны артып келеді.

Биылғы жылы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының аталған бағыты бойынша ауданға 42,0 млн. теңге бөлінген. Есепті мерзімге 19 адам 42750,0 мың теңге қаржыны несиеге алып отыр. Шағын несие алушыларды ауыл кәсіпкерлігін дамытудың негізгі салалары мал шаруашылығы (ірі қара малды өсіру), жүк тасымалы мақсатында өздерінің белгілеген жоспарларына сәйкес жұмыс жасап отыр.

2016 жылы Амангелді ауданында «Жұмыспен қамту 2020 жол картасының» 1 – бағыты бойынша Амангелді аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 21 бағдарламаға қатысушы уақытша жұмысқа тартылып, жолдама берілді.

2016 жылы белгіленген кешенді жоспар бойынша 590 адам жұмыспен қамту іс-шараларына тартылу керек. Бүгінге текті 487 адам қамтылып отыр, оның ішінде жұмыссыздар 368 адам, мүмкіндігі шектеулі 6 адам, 187 адам қоғамдық жұмысқа тартылды. Жастар саны 127.

Амангелді аудандық жұмыспен қамту орталығы

Құттықтаймыз!

Құрметті Болат Мұханбетжанұлы!

«А.Нұрманов орта мектебі» ұжымының атынан 63 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы. Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Шәкірт тәрбиелей жүріп, ұстаздығыңызды шығармашылық жұмыспен ұштастыра білдіңіз. Сізді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбегіңіздің зейнетін көруге, отбасыңызға амандық тілейміз!

Отан үшін от кешкен, батырдың тұяғы, Тамыр жайған теренге шынарлардың қияғы. Отан үшін жан берер қазіргі аптал азамат, Сіз үшін бар жақын аппақ тілек жияды.

Құтты болсын зейнетің, құтты болсын шаттығың, Ел үшін төккен тер арайлап атар ақ күнің. Қалқан болар дауылға алып бір қорған қамалсың, Сәттілік болсын жолдасың, басына қонсын бақ бүгін.

Игі тілекпен: А.Нұрманов мектеп ұжымы.

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 1829

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды. Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57

Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.